

«АМИНА» БӨБЕКЖАЙЫ АТА-АНАЛАРДЫҢ №1 ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «2» қыркүйек 2026 жыл

Өткізілген орны: «Амина» бөбекжайы

Қатысқандар: ата-аналар, бөбекжай әкімшілігі, педагогтер

Төрағасы: Меңгеруші: Мельченко В.А

Жиналыстың тақырыбы: «МДҰ-ның алдағы оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру қызметі мен жұмысының негізгі бағыттары»

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Тақырып бойынша жария баяндама: «МДҰ-ның 2025- 2026оқу жылындағы жұмысының негізгі қорытындылары».

2.МДҰ-ның ата-аналармен 2026–2027 оқу жылына арналған жұмысының перспективалық жоспарын әзірлеу және талқылау

. Өртүрлі.

1-мәселе бойынша: Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі Мельченко В.А


Тақырып бойынша мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндама жасады. Баяндама барысында өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытындылары, тәрбиеленушілердің жетістіктері, педагогтердің кәсіби жұмыстары, заттық-дамытушы ортаны жетілдіру, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстар туралы айтылды. Сонымен қатар жаңа 2026–2027 оқу жылында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, ойын арқылы оқыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру және ата-аналармен тығыз ынтымақтастық орнату негізгі міндеттердің бірі екендігі атап өтілді.


Сөйледі: Тәрбиешілер Өмірбекқызы А, Мейремхан М, Каейнова М. С 2027 оқу жылындағы жұмысына ата-аналарға топтағы оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктері, күн тәртібі, балалардың бейімделуі және ата-аналармен бірлескен жұмыстың маңыздылығы туралы ақпарат берді.

2-мәселе бойынша: Тыңдалды: МДҰ-ның ата-аналармен 2026–2027 оқу жылына арналған перспективалық жұмыс жоспары таныстырылды. Жоспарда ата-аналар жиналыстарын өткізу, жеке кеңестер ұйымдастыру, мерекелік және тәрбиелік іс-шараларға ата-аналарды тарту, ашық есік күндерін өткізу, бала тәрбиесіне қатысты пікір алмасу, қауіпсіздік және денсаулық сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қарастырылды. Ата-аналар ұсыныстарын білдіріп, перспективалық жоспарды талқылауға қатысты. Қаулы етті: 2026–2027 оқу жылында МДҰ-ның тәрбиелеу-білім беру жұмысын бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде ұйымдастыру. Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы және эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды күшейту. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту. Ата-аналармен 2026–2027 оқу жылына арналған перспективалық жұмыс жоспарын ұсыныстарды ескере отырып бекіту. Ата-аналарды бөбекжайдың қоғамдық, тәрбиелік және мерекелік іс-шараларына белсенді қатысуға шақыру. Тәрбиешілерге ата-аналармен жеке және топтық кеңес беру жұмыстарын тұрақты жүргізу.

3-мәселе бойынша: Өртүрлі мәселелер қаралды. Ата-аналар тарапынан балалардың күн тәртібі, тамақтануы, балабақшаға келу тәртібі, киім үлгісі, тазалық және қауіпсіздік мәселелері бойынша сұрақтар қойылды. Қойылған сұрақтарға бөбекжай әкімшілігі мен педагогтер тарапынан тиісті түсіндірмелер берілді.

ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ: 2026–2027 оқу жылында «Амина» бөбекжайы мен ата-аналар арасындағы өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа және жауапкершілікке негізделген бірлескен жұмысты жүйелі түрде жүргізу туралы шешім қабылданды.

Жиналыс төрағасы:  Мельченко В.А

Хатшы:  Мейремхан М